

**Степногорск қаласы білім бөлімі кеңесі отырысының  
КҮН ТӘРТІБІ:**

«04» 12 2025 жыл

1. Степногорск қаласының мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде дамыту, тәрбиелеу және оқыту жөніндегі жоспардың орындалуы. 1 тоқсандағы бастауыш білім берудегі білім сапасына талдау.  
(ББ әдіскері - Рахимжанова К.С.)
2. "Заң мен тәртіп" бағытына баса назар аудара отырып, "Адал Азамат" бағдарламасының іске асырылуы туралы (Г.Т. Баязитова – ББ әдіскері)
3. Кәмелетке толмағандармен Діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру туралы. 2024-2026 жылдарға арналған кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі Жол картасын іске асыру. (Баязитова Г.Т. – ББ әдіскері).
4. Степногорск қаласының білім беру мекемелерінің сайттары мен әлеуметтік желілерінің мониторинг қорытындылары туралы.  
(Уразов Е. – ББ әдіскері)
5. ҰБДҚ-ны сапалы және уақтылы толтыруды тексеру қорытындылары. Электрондық журналды толтыру сапасы. (ББ әдіскері - Е. Уразов)
6. Білім беру мекемелеріне қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша талдау. "ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің" электрондық базасында жұмыс істеу.  
(ББ әдіскері - А.Ж. Кемелова)
7. Әртүрлі Басшылардың кадрлық резерв.

Төрайымы



А.Оспанова

Хатшы

К.Рахимжанова



## Степногорск қаласы білім бөлімі кеңесі отырысының №2 ХАТТАМАСЫ

«4» ~~сентябрь~~ август 2025 жыл  
Степногорск қаласы

**ҚАТЫСҚАНДАР:** 19 мектеп басшылары, 8 МДҰ меңгерушілері мен білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі АА. Шаймерденова, бас мамандар А.А. Бекмағамбетов, әдіскерлер Г.Т. Баязитова, Е.У. Уразов, К.С.Рахимжанова, А.Ж.Кемелова.

**Қатыспағандар:** С.Сейфуллин атындағы №5 КМЛ басшысы О.Искакова – жалақы сақталмайтын еңбек демалысы, Заводской кентінің басшысы Ш.Дауленбаева – уақытша жарамсыздық жағдайында, «Арман» балабақшасы Н.Подолько еңбек демалысы.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Степногорск қаласының мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде дамыту, тәрбиелеу және оқыту жөніндегі жоспардың орындалуы. 1 тоқсандағы бастауыш білім берудегі білім сапасына талдау (ББ әдіскері - Рахимжанова К.С.)
2. "Заң мен тәртіп" бағытына баса назар аударып, "Адал Азамат" бағдарламасының іске асырылуы туралы (Г.Т. Баязитова – ББ әдіскері)
3. Кәмелетке толмағандармен Діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру туралы. 2024-2026 жылдарға арналған кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі Жол картасын іске асыру. (Баязитова Г.Т. – ББ әдіскері).
4. Степногорск қаласының білім беру мекемелерінің сайттары мен әлеуметтік желілерінің мониторинг қорытындылары туралы. (Уразов Е. – ББ әдіскері)
5. ҰБДҚ-ны сапалы және уақтылы толтыруды тексеру қорытындылары. Электрондық журналды толтыру сапасы. (ББ әдіскері - Е. Уразов)
6. Білім беру мекемелеріне қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша талдау. "ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің" электрондық базасында жұмыс істеу (ББ әдіскері - А.Ж. Кемелова)
7. Әртүрлі Басшылардың кадрлық резерв.



## **ТЫНДАЛДЫ:**

- 1.1. Білім бөлімі әдіскері К.Рахимжанова Степногорск қаласының мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде дамыту, тәрбиелеу және оқыту жөніндегі жоспардың орындалуы. 1 тоқсандағы бастауыш білім берудегі білім сапасына талдау жасады (*қосымша слайд бар*).

## **СӨЙЛЕДІ:**

2.1. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова МДҰ Ваучерлік қаржыландыруға дайындық жағдайын сұрады.

2.1.2. «Балауса» бөбекжайы меңгерушісі Б.Калайдарова ХӨОТ құжаттарды қабылдау бойынша күн көріс мөлшерлемесін нақтылады.

2.1.3. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова бастауыш сыныптарды (*№9 ЖОББМ, Заводской кентінің ЖОББМ*) білім сапасы төмендеген мектептер бойынша білім сапасына салыстырмалы талдау ұсынуды тапсырды.

## **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

3.1. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастырылуын қатаң бақылауда ұсталсын;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг сапалы, объективті жүргізілсін (қаңтар 2026 жыл);
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Баршаға қолжетімді – сапалы білім» бағдарламасы аясында МДҰ КП, МТ және ҚО жұмыс жоспарының орындауын қатаң бақылауда ұсталсын.
- Оқу-тәрбие жұмысында оқу сабақтарының сапалы жүргізілуін қатаң бақылауда ұсталсын.
- Бастауыш сынып білім алушыларының олимпиада, конкурс,

жарыстарға қатысуы мен сапалы дайындығын баса назарға алынсын.

- Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілік деңгейін әрдайым арттыра отырып, қалалық, облыстық жарыстарға жүйелі қатысуын қамтамсыз етсін.

## **ТЫНДАЛДЫ:**

- 1.2. Білім бөлімі әдіскері – Г.Т. Баязитова "Заң мен тәртіп" бағытына баса назар аудара отырып, "Адал Азамат" бағдарламасының іске асырылуы туралы баяндама жасады (*қосымша бар*).

## **СӨЙЛЕДІ:**

2.2. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова «Адал азамат» бағдарламасының бағыттарын басшылардан сұрады.

## **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

3.2. Заң мен тәртіп бағытында Степногорск қаласының мектептерінде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кешенді тәрбиелік іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілсін.

- Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылсын;

- Құқық қорғау органдарымен бірлескен кездесулер, дәрістер, әңгімелесу сағаттары өткізілсін;



- Оқушылар мен ата-аналарға арналған құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
- Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында тұрақты түрде бақылау күшейтілсін.

### **ТЫНДАЛДЫ:**

- 1.3. Білім бөлімі әдіскері – Г.Баязитова Кәмелетке толмағандармен Діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру туралы. 2024-2026 жылдарға арналған кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі Жол картасын іске асыру туралы баяндама жасады (*қосымша бар*)

### **СӨЙЛЕДІ:**

- 2.3. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова мектеп формасын сақтамайтын оқушылар туралы (*№7ЖОББМ, Заводской кенті және №6МГ*) басшыларына сұрақ қойып, жұмыс барысын сұрады.

### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

- 3.3. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында Степногорск қаласының мектептерінде оқушылар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту.

- «Зиянды идеологияға жол жоқ», «Терроризм – болашағы жоқ жол» атты бейнероликтер көрсетіліп, олар бойынша талқылау өткізілсін.
- Ата-аналармен бірлесіп, балалардың интернет кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.
- Теолог маманымен кездесулер ұйымдастырылып, оқушылардың діни сауаттылығын арттыру бағытында жұмыс жүргізілсін.

### **ТЫНДАЛДЫ:**

- 1.4. Білім бөлімі әдіскері - Степногорск қаласының білім беру мекемелерінің сайттары мен әлеуметтік желілерінің мониторинг қорытындысымен таныстарды (*қосымша бар*).

### **СӨЙЛЕДІ:**

- 2.4. Білім бөлімі басшысы №8ЖОББМ сайтына кіру арқылы мысалдар келтірді.

### **ТЫНДАЛДЫ:**

- 3.4. Білім беру ұйымы басшылары ұйым сайттарының тұрақты жұмыс істеуі мен жаңартылуын қатаң бақылауда ұстасын.

### **ТЫНДАЛДЫ:**

- 1.5. Білім бөлімі әдіскері – Е.Уразов ҰБДҚ-ны сапалы және уақтылы толтыруды тексеру қорытындылары. Электрондық журналды толтыру сапасына таладу жасады (*қосымша бар*).



## **СӨЙЛЕДІ:**

2.5. Бас маман А.Бекмагамбетов электронды журналдың сапалы толтырылуына назар аударуды ұсынды.

## **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

- 3.5. Білім беру ұйымы басшылары ҰДҚБ уақытылы, сапалы толтырылуын қатаң бақылауда ұстасын;
- Білім класс электронды журналының уақытылы толтырылуы, тоқсандық бағалардың уақытылы қойылуы назарда ұсталсын.

## **ТЫНДАЛДЫ:**

- 1.6. Білім бөлімі әдіскері А.Кемелова Білім беру мекемелеріне қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша талдау. "ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің" электрондық базасында жұмыс істеу талаптары туралы баяндама жасады (*қосымша бар*)

## **СӨЙЛЕДІ:**

- 2.6. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова қызметкерді жұмысқабылдау туралы бұйрық шықпастан бұрын арнайы құқықтық тексеруден өткізудің маңыздылығын айтты.

## **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

- 3.6. Барлық білім беру ұйымы басшылары азаматтарды жұмысқа қабылдау процедурасы ҚР Еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес және "ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің" электрондық базасы арқылы тексерістер өткізу үшін жауапкершілік бірінші басшыларға жүктелді.


## **Әртүрлі сұрақтар:**

1. Білім бөлімі әдіскері А.Кемелова білім беру басшыларына кадрлық резервке алдын ала қызметкер дайындауды және кадр резервіне келісім берген қызметкердің заңнамалық тестілеу мен қазтест тапсыру процедурасы басшы орыны босамай тұрып алдын ала дайындалуын айтты.
2. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығы негізінде "Заң және тәртіп" қағидатына түсіндірме жасады.
3. Оқушылардың жауапкершілігі қай жерден басталатынын, шектеуді білмейді. Себебі, жыныстық қатынасқа ерте жастан түсу, буллингке ұшырау, ішімдік ішу сияқты фактілер орын алуда.
4. Ұстаздардың құқықтық сауаттылық деңгейі төмен. Себебі, мектеп әкімшілі мен ұстаздар алаяқтарға алдану фактілері көбеіп келеді.
5. Білім беру мекемелері басшының міндетін атқарушы (ДХШ, заңгер) қызметкерді жұмысқа аларда алдын ала құқықтық статистикалық




тексерістен өткізбеген. Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізілді. Білім беру басшыларына жоғарыда аталған тақырыптар бойынша қызметкерлер, оқушылар мен ата-аналар арасында қажеттілікке байланысты қосымша ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізу тапсырылды.

Төраға

 А.Оспанова

Хатшы



К.Рахимжанова